

## Ағымдағы жылдың 8 айында Ұлттық ғылыми-практикалық дене тәрбиесі орталығының атқарған жұмыстары туралы ЕСЕП

Ұлттық ғылыми-практикалық дене тәрбиесі орталығының негізгі қызметі 2024 жылға арналған жұмыс жоспарына сәйкес іске асырылады.

Негізгі бағыттардың бірі – дене шынықтыру педагогтерінің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және өткізу.

2024 жылдың қаңтарында орта білім беру ұйымдарының дене шынықтыру педагогтерінің біліктілігін арттыру курстарының «Дене шынықтыру педагогінің кәсіби құзыреттілігін дамыту» тақырыбындағы жаңа білім беру бағдарламасы бекітілді және ҚР ӘМ Ұлттық зияткерлік меншік институтынан авторлық куәлік алынды.

Қолданыстағы біліктілікті арттыру курстарының бағдарламалары негізінде есепті кезеңде бюджеттік қаржыландыру шеңберінде курстар өтті:

- 2024 жылға арналған даярлау жоспары бойынша **400 тыңдаушының** мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының **300 (75%)** педагогтері, тәрбиешілері және дене шынықтыру нұсқаушылары.

- 2024 жылға арналған даярлау жоспары бойынша **5393 тыңдаушы** көлеміндегі орта білім беру ұйымдарының **2460 (45,6%)** дене шынықтыру педагогтері.

- 2024 жылға арналған даярлау жоспары бойынша **453 тыңдаушының 230 (51%)** техникалық және кәсіптік білім берудің дене шынықтыру педагогтері.

Бүгінгі күні Орталықтың 380 лекторлар мен тренерлерді құрайтын профессорлық-оқытушылық құрамының 19%-ын ғылым кандидаттары мен докторлары, PhD докторлары; 41% магистрлер, 26% педагог-шебер, педагог-зерттеуші, колледж оқытушылары және 14% төрешілер, тренерлер, әдіскерлер құрайды. Өткен жылы лекторлардың жалпы саны 314 болды.

### **Бекітілген кестеге сәйкес:**

*А.ж. 12 тамызынан:*

- Түркістан және Жетісу облыстарының 145 педагогі үшін;

- Мектепке дейінгі білім берудің дене шынықтыру бойынша 20 нұсқаушысы үшін (Талдықорған қ.).

*1) А.ж. 19 тамызынан.:*

- Алматы, Шымкент қалалары, Алматы, Ақтөбе, Қостанай, Қызылорда, Павлодар және Түркістан облыстары орта білім беру ұйымдарының дене шынықтыру пәнінің 480 педагогіне арналған;

- ТЖКБ 42 дене шынықтыру пәнінің педагогтеріне арналған (Алматы және Атырау ққ) **біліктілікті арттыру курстары басталды.**

Кәсіби құзыреттілік деңгейін арттыру мақсатында:

- орта білім беру ұйымдарының дене шынықтыру педагогтері үшін қазақ және орыс тілінде «Дене шынықтыру педагогінің кәсіби құзыреттілігін дамыту» біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы бойынша 292 лектор-тренерге арналған (2024 жылғы 6-12 ақпан);

- техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының дене шынықтыру педагогтері үшін қазақ және орыс тілдерінде «Техникалық және кәсіптік білім беру дене шынықтыру пәні педагогінің кәсіби құзыреттіліктері мен дағдыларын дамыту» біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы бойынша 138 дәріскер-тренерге арналған (2024 жылғы 12-15 наурыз);

- өңірлік дене шынықтыру орталықтарының 201 директорлары мен директорлардың орынбасарлары (15-19.04.2024), сондай-ақ облыстық және аудандық әдістемелік кабинеттердің/орталықтардың дене шынықтыру жөніндегі әдіскерлері (22-26.04.2024) үшін «Дене шынықтыру: құқықтық аспектілер, әдістеме және практика» *пәнін оқытудағы заманауи тәсілдер*» тақырыбында онлайн форматта ғылыми-зерттеу қызметі зертханасымен және спорттық іс-шаралар, статистика және талдау бөлімімен бірлесіп онлайн оқыту семинарлары өткізілді.

*Оффлайн-режимде:*

«Зияткерлік ұлттық ойындар арқылы педагогтердің кәсіби құзыреттілігін дамыту» тақырыбындағы семинар. Семинар жұмысына Орталық қызметкерлері мен арнайы шақырылғандар, атап айтқанда, Жомарт Сабыржанұлы Сабыржанов – Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген жаттықтырушысы, Қазақстан Республикасының құрметті спорт қайраткері; Мұсағали Тасқалиев – «Спорт жұлдыздары» республикалық ғылыми-әдістемелік, спорттық-патриоттық журналдың бас редакторы, Қазақ Спорт және Туризм академиясының құрметті профессоры; Ескендір Рахметов – Астана қаласы бойынша «Асық ату» федерациясының президенті; Максат Шотаев – дүниежүзілік тоғызқұмалақ федерациясының вице-президенті, ҚР еңбек сіңірген жаттықтырушысы, ф.ғ.к.; Мөлдір Жолбарысова – №5 «Ақбота» балабақшасының директоры, Астана қаласы, Д.М. Амантай – Астана қаласындағы мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының дене шынықтыру нұсқаушылары бірлестігінің төрағасы (29.07.2024, Астана қаласы) қатысты;

- «Білім беру ұйымдарында дене шынықтыру педагогтерін, дене шынықтыру нұсқаушыларын спорттық-психологиялық сүйемелдеу» тақырыбындағы семинарға 20-ға жуық адам қатысты, оның ішінде шақырылған қонақтар: С.Н. Жиенбаева – Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ педагогика кафедрасының профессоры; М.Е. Шотаев – Дүниежүзілік тоғызқұмалақ федерациясының вице-президенті, ҚР еңбек сіңірген жаттықтырушысы, ф.ғ.к., Ф.Н. Жұмабекова – Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ профессоры (Астана қ., 14.08.2024ж.).

Өткен жылмен салыстырғанда лекторлық-тренерлер құрамының сандық және сапалық құрамы едәуір өсті.

Бұдан басқа, 2021-2023 жылдары біліктілікті арттыру курстарынан өткен дене шынықтыру педагогтеріне: семинар-тренингтер, мастер-кластар, конференциялар, дөңгелек үстелдер және т. б. курстан кейінгі сүйемелдеу үнемі жүргізіледі, сонымен қатар консультациялық-әдістемелік көмек көрсетіледі.

Келешекте орта білім беру ұйымдарының бастапқы әскери және техникалық даярлығын ұйымдастырушы оқытушылар үшін біліктілікті арттыру курстарын өткізу мақсатында ҚР Қорғаныс министрлігінің Әскери-стратегиялық зерттеулер орталығымен ынтымақтастық туралы меморандум жасалды.

Ғылыми-зерттеу жұмыстары Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-мен бірлесіп жүзеге асырылған **«Балалар мен жасөспірімдердің физикалық денсаулығын бақылау: ұлттық өлшеу құралдарын модификациялау»** жобасы аясында жүзеге асырылды (2022-2025 жж.). Есепті кезеңде мектеп оқушыларының физикалық дамуы мен физикалық дайындығын бағалау бойынша ғылыми-зерттеу материалдарын жинау мақсатында Қазақстан Республикасының 6 облысына ғылыми сапарлар ұйымдастырылды. Барлығы 2024 жылдың ақпан-сәуір айларында мектеп жасындағы 1489 баланың физикалық дамуы мен физикалық дайындығы параметрлері жинақталды.

«Дене шынықтыру» пәнін сапалы оқыту саласындағы проблемаларды зерделеу және дене шынықтыру педагогтерінің өткізілетін курстарға қанағаттану деңгейін анықтау мақсатында білім беру процесінің барлық қатысушыларына сауалнама жүргізілді және олардың нәтижелері бойынша талдамалық анықтамалар жасалды. Сондай-ақ:

- білім алушылардың денсаулық мәдениетін дамытудың 2025-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасының жобасы;

- 2023 - 2029 жылдарға арналған ҚР мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамыту тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспарының 114,115 - тармақшаларын орындау үшін қажеттіліктер мен заманауи талаптарға сәйкес мектептерде спорт жабдықтарын жаңарту, дене шынықтыру және спорт инфрақұрылымын жаңғырту, сонымен бірге 150 және одан жоғары оқушылар саны бар орта білім беру ұйымдарында спорт залдарын салу туралы анықтама;

- Н.В. Жұмаділдаеваның тапсырмасын орындау үшін ҚР ОАМ ОБК- не ел мектептерінің спорт залдармен, душ бөлмелерімен және киім ауыстыратын бөлмелермен қамтамасыз етілу жағдайы туралы ақпарат дайындалды.

2024 жылғы 15 тамызда **«Цифрландыру жағдайындағы білім алушылардың физикалық мәдениетін қалыптастыру»** тақырыбында онлайн форматта дене шынықтыру пәні педагогтерінің республикалық секциясы өтті.

Секция жұмысына ҚР Оқу-ағарту министрлігінің Тәрбие жұмысы және қосымша білім беру департаментінің (бұдан әрі – ТЖЖҚББД) өкілдері, білім беру ұйымдары мен өңірлік орталықтардың басшылары, дене шынықтыру педагогтері мен әдіскерлері, мектепке дейінгі ұйымдардың нұсқаушылары қатысты. Секцияда 9 спикер цифрландыру жағдайында балалардың дене тәрбиесіндегі заманауи талаптар мен қажеттіліктерді көрсететін баяндамалар жасады. Секция жұмысының нәтижелері бойынша қатысушылар тегін қолжетімділік үшін <https://nnpckf.kz> сайтында орналастырылған қорытынды ұсыныстарды талқылады.

Сондай-ақ Орталық өңірлік дене шынықтыру орталықтарының 11 директорына **«Digital Kazakstan: жаңа шындықтағы білім»** тамыз педагогтер саммитінің № 6 **«Педагогтердің цифрлық құзыреттілігін дамыту»** секциясына қатысуына ықпал етті (Астана қ., 22.08. 2024).

Сонымен қатар **«Дене шынықтыру сабақтарында жасанды интеллект енгізу: мүмкіндіктер мен перспективалар»** тақырыбында **«Үздік педагог – 2023»** республикалық байқауының жеңімпазы, педагог-зерттеуші Р.Д. Исраиловтың сөз сөйлеуі ұйымдастырылды.

Орталықтың 25 жылдығына байланысты (2025 жылғы 19 мамыр) ұйым тарихы бойынша мерейтойлық кітап шығаруға материалдар жиналады.

Ағымдағы жылдың 8 айында Ғылыми кеңес пен Оқу-әдістемелік кеңестің екі отырысы өткізілді.

Ғылыми-әдістемелік бағытта:

1) балалардың жазғы сауықтыру лагерінде демалуын ұйымдастыру бойынша нұсқаулықтар жинағы (54 бет) (қазақ, орыс тілдерінде);

2) мектеп оқушылары арасындағы дене шынықтыру олимпиадасының нәтижелерін бағалау бойынша әдістемелік ұсынымдар (қазақ, орыс тілдерінде);

3) пәндік олимпиадада 5-6, 7-8 сынып оқушыларына арналған тест тапсырмалары (қазақ, орыс тілдерінде) әзірленді.

«Дене тәрбиесі жаршысы» ғылыми-практикалық журналының 2024 жылға арналған екі саны жарық көрді.

**2024 жылға арналған бұқаралық спорт, дене шынықтыру және сауықтыру іс-шараларының күнтізбелік жоспарына сәйкес:**

1) 2024 жылдың 29 мамыры мен 1 маусымы аралығында Алматы қаласында дене шынықтыру пәнінен кезекті Республикалық пәндік олимпиада өтті, оған 10 облыстан жалпы білім беретін мектептерден 5-8 сыныптардың 170 оқушысы, «Дене шынықтыру» пәнінен бойынша олимпиаданың екінші кезеңінің жеңімпаздары мен жүлдегерлері қатысты.

Олимпиаданың қорытындысы бойынша:

- 5-6 сыныптар арасында бірінші орынды Алматы қ. оқушылар командасы **(175,8 балл)**, екінші орынды – Жетісу облысының **(148,9 балл)**, үшінші орынды – Қарағанды облысының **(142,9 балл)**;

- 7-8 сыныптар арасында бірінші орынды Алматы қаласының білім алушылар командасы **(198,2 балл)**, екінші орынды – Жетісу облысының **(178 балл)**, үшінші орынды – Абай облысының **(169,9 балл)** оқушылары алды.

2) Биылғы жылы ҚР оқушыларының XII жазғы Гимназиадасында маусым-тамыз айлары аралығында 23 спорт түрінен 52 жарыс өткізілуде, онда төрт жас ерекшеліктері бойынша топтар қатысуда, атап айтқанда 16-18, 13-15, 10-12 және 7-9 жас аралығындағы балалар, Астана, Алматы, Шымкент, Ақтөбе, Щучинск, Өскемен, Лисаковск (Қостанай облыс), Павлодар, Орал, Түркістан және Байсерке ауылы (Алматы облысы), сондай-ақ ұлттық ойын түрлерін жоғары деңгейге көтеру және танымал ету үшін ұлттық спорт түрлері бойынша жарыстар енгізілді. Қазақстан Республикасы оқушыларының Гимназиадасы Бүкіләлемдік Гимназиада спорт түрлері бойынша құрама команданың қатысуындағы оқушылар үшін іріктеу кезеңі болып табылады. Барлығы 3 191 оқушы қатысты.

3) 2015 жылдан бастап бұқаралық спорттық шаралардың бірі болып табылатын «Ұлттық мектеп лигасы» ауқымды жобасы жүзеге асырылуда. Биылғы жылыдың маусым айында Семей қаласында 5-6 сынып оқушылары, Астана қаласында 7-8 сынып оқушылары арасында Ұлттық мектеп лигасының республикалық кезеңі басталып, шілде айында Қызылорда қаласында спорттың он түрінен 41 жарыс 9-11 сынып оқушылары арасында өтеді, оның ішінде 17 жарыс өткізіліп, оған 2894 оқушы ұлттық спорт түрлерінен, футбол, волейбол, баскетбол, үстел теннисі және жеңіл атлетикадан қатысты. Ұлттық мектеп лигасына қатысушылар саны жылдан жылға артып келетінін атап өту керек.

4) Сонымен қатар 5-6, 7-8, 9-11 сынып оқушылары арасында Джамп роуптан жарыс өтті, оған 54 спортшы қатысты (Көкшетау қ., 02-05.07. 2024 ж.). 5-6 сыныптар арасында 1-орынды Ақмола облысы, 2 - орынды Атырау облысы, 3 - орынды Алматы қаласы, 7-8 сыныптар арасында 1 - орынды Ақмола облысы, 2 - орынды Солтүстік Қазақстан облысы, 3-орынды Алматы қаласы, 9-11 сыныптар арасында 1 - орынды Ақмола облысы, 2 - орынды Алматы қаласы, 3-орынды Солтүстік Қазақстан облысы иеленді.

5) 11-20 тамыз аралығында Өскемен қаласында 54-ші дәстүрлі республикалық көпкүндік «Қазақстан оқушысы» веложарысы өтіп, оған 10 облыстан 83 спортшы қатысты. 1-орынға Алматы қаласы, 2-орынға Солтүстік Қазақстан облысы, 3-орынға Шымкент қаласы ие болды.

**Ұйымдастырушылық-бұқаралық іс-шаралар:**

Париж қаласында (Франция 2024 жылғы 26 шілдеден 11 тамызға дейін) өткен XXXIII жазғы Олимпиада ойындарында барлық білім беру ұйымдарында Қазақстан атынан қатысатын спортшыларды қолдау мақсатында Орталық **«Олимпиада ойындарына дейін 100 күн»** тұжырымдамасына сәйкес спорттық-бұқаралық және ойын-сауық сипаттағы іс-шаралар қамтылған бір апталық акция ұйымдастырды.

Акцияның соңғы күні 17 мамырда ҚР ОАМ ведомстволық бағынысты ұйымдарымен (*«Өрлеу» біліктілікті арттыру орталығы, Балаларды ерте дамыту институты*) бірлесіп, орталықты Абу-Даби Плаза көпфункционалды кешенінің алаңында спорттық-жарыстық іс-шаралар ұйымдастырды.

7-8 сыныптар арасында Ұлттық мектеп лигасы аясында 22 маусымда еріктілермен бірге 400 оқушыға Астана қаласы бойынша, бұқаралық мәдени орындарға, көрікті жерлерге: ұлттық мұражайға, Нұр-Әлемге, ЭКСПО павильонына, Ақордаға, Бәйтерекке экскурсия ұйымдастырылды. 27-28 маусымда Алматыда Гимназидаға қатысатын 500 оқушы үшін Медеу мен Көктебеге экскурсия ұйымдастырылады.

16 тамызда «ҚАЗАҚСТАН ЭТНОДИЗАЙНЕРЛЕР ОДАҒЫ» ҮЕҰ бірлесіп мектеп оқушыларының XII Жазғы Гимназиадасының жабылу салтанаты және 200-ге жуық адам қатысқан 51 байқаудың қорытындысы бойынша жеңімпаздарды марапаттау (*Қазмедиа орталығы, Дінмұхамед Қонаев көшесі, 4*) ұйымдастырылып, өткізілді.